

**«Қазақ тілін оқыту әдістемесі:
тәжірибесі, бүгінгі өзекті мәселелері және болашағы»
ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019

ТОПАШОВ Мержан Әбдіқадырұлы

*Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университетінің
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент*

**БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ–
ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫ**

Бұқар жыраудың әлең – толғауларында елді бірлігі, тұтастығы, тарихы мен мәдениетінің әркендеп дамуы айқын кәрінеді. Оның туындылары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құрылған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларында жырау әзінің адам және заман жайында түйгендерін, тіршілікте, табиғатта болып жататын өзгерістер, оның мән – мағынасы жөніндегі түсініктерін баяндайды. Қазақ елінің дербес мемлекет ретінде мәңгі өмір сүруі – Бұқардың ғұмырлық басты арман – мақсаты болғандықтан ол татулықты, бірлікті, ынтымақты еліне егіле айтты, халқына қалауынша айтты, талмай шегелеп ұғындыра айтты:

Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы,-

деп елдің елдігінің, оның беріктігінің әзі отбасы, ошақ қасы, ағайын–туыстың бірлігі, татулығынан басталады дегенді аңғартады. Қазақ халқы ел ішіндегі алауыздық, өзара қырқысулардың салдарынан жат жұрттың оңай олжасына айналып отырды. Жан – жақтан анталаған қатыгез басқыншы жау ел ішіне іріткі салып, әздеріне жақтас табуды басты мақсат деп білді, әрі бағындырып алған елді тұтасымен құртып–жоюдың сан түрлі сұрқиялық әрекеттеріне барды. Осыны аңғарған Бұқар:

Ер шұғыл залымның,

тіліне еріп азбасқа,-деп, еліне тәнер қауіп-қатерден сақтандырады. Одан әрі ұлт болып ұйысқанда ғана қазақ әзінің «Мен» дегізерлік қасиетін сақтай алатынын ұғынған ұлы жырау елдің бірігу идеясын көтереді.

Жат бойыңнан түңілісін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз,

Тіпті, ел бірлігіне дінді тірек еткен Бұқар халқын имандылыққа шақырып, құран қағидаларын құрметтеуге үндейді. Ол ғұмыр кешкен дәуірде діни сарындағы шығармалар насихатталып, ел арасына тарайған бастаған кез болатын. Демек, олар Бұқардың поэтикалық дүниесіне әсер етпей, ізін қалдырмай тұра алмаған. Бұқар да исламдық шарттарды аздықәпті білгені дау туғызбайды. Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт.
Тәрт шадияр Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім салса аузына,
Жан жолдасың иманды айт...

Өз халқын дін жолын таза ұстауға шақырып, ізгілікке, жомарттыққа үгіттей білген Бұқар жырау ойын әсерлі жеткізу үшін шығыс поэзиясында танымал Атымтай, Наушеруан бейнелерін орынды пайдаланады.

Құдайыңа құл болсаң,

Шын жаратқан ұл болсаң,

Құдай тағалам әзі берер несіпті,

Пұсырманның баласы,

Сірә, бір кеңес құрыңыз.

Бір ауызды болыңыз,

Қалған елді тастаңыз.

Бәттен елмен үйір боп ,

Іргеңізді қоспаңыз... Ғаділдігін Наушеруан ғаділге жеткерген,

Жомартлығы Хатымтай жомарттан өткерген.

Шығыс әдебиетінің дәстүрлі ізденістері Бұқардың әлең-жырларымен байланысып жатыр. Бұдан Бұқардың шығыс әдебиетімен жақсы таныс болғаны аңғарылады.

Абылайға арнаған бірнеше толғауында Бұқардың бүкіл дүниетанымы кәз алдына келеді. Ол Абылайдың қазақ қоғамындағы орны мен маңызын, халықтың түпкілікті мұраттары үшін қаншалықты қажыр жұмсай білгендігімен бағалайды. Ханның істері халыққа пайдалы болғанын тіледі. Билеушіні астамшылықтан, қиянаттан, асығыс шешімдерден сақтандырады. Жырау айтқан осы аңсарларының қаншалықты мән-маңыздылығы бүгінгі қоғамдықсаяси әлеуметтік жағдайлардан анық кәрініс беріп отырған жоқ па?! Алдымен елдің амандығын тілеген дана қарт Абылайдың Абылайлығына қарап бетің бар, жүзің бар деп отырған жоқ. Хандықтың әзі халықтың арқасында. Елдің, жердің тыныштығын сақта, халық сыйлап басына кәтерсін десең деген ойға жетелейді.

Жыраудың сөзіне тоқтаған Абылай кәрші орыс халқымен соғысам деген ойынан қайтқан. Бұл жерде халқымен, оның қабырғалы билерімен кеңінен кеңесе отырып ақылын жерге тастамай мемлекет, ел басқаруда пайдаланып, қолдана білген мемлекет басшысы Абылайды кәреміз. Сол арқылы болашақ ұрпақ иелерін де астамшылықтан сақтандырып кеткен.

Жыраудың қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күресіне арналған әлеңдерінде тәуелсіздік үшін соғыстың қаһармандарына сипаттама жасалады. Дүлей күштерге қарсы шашыранды қазақ халқын біріктірген, тарихи мәні бар істер атқарған ерлер есімін Бұқар келешек ұрпақ ұмытпасын, әрдайым алғыспен еске алсын дегендей қайталап айтып отырады. Абылайға қарата айтылған әлеңнің бірінде ол аса кәрнекті қайраткерлеріне зор баға береді.

Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бәгембай,
Қаздауысты Қазыбек,

Шақшаұ ұлы Жәнібек
Ормандай кәп орта жүз,
Содан шыққан тәрт тірек,
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей тәре сұңқарға , - дейді.

Бұл ұлы жыраудың жүрегінен шыққан азаматтық сөздері еді. Әзі кәзбен кәрген, кәңілге түйген жайларды баяндай отырған жырау жеке адамның бейнесін жасай білді. Отанын, елін, жерін жаудан ерлікпен қорғаған ерлердің бейнелерін сомдап, болашақ ұрпақ, халқының ерлік дәстүрін, қазақ халқының әрлеуге беттеген, сонымен бірге сырт жаулар қаупінен құтылып болмаған аса жауапты қайталанбас кезеңінің шытырман шындығын білдірсемдеген ой аңғарылады. Шынында, данқты ұрпақты елін, жерін сүйген патриоттық әршіл рухта тәрбиелеудегі Бұқар жырау жырларының маңызы зор. Еркек пен әйел қарым-қатынасын шынайы сүйіспеншілік сезіміне

орайластырып айтқан әсерлі сөзді Бұқардан өзге қазақ жырауларынан кездестіре алмаймыз. Оның «Тілек» деген толғауын оқып кәрелік:

Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы.
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің,
Жылай да жетім қалмасқа

Бұл үзіндіде әйелдің бойындағы әдемілік, сұлулық, сүйіспеншілік нышандары махаббаттың негізгі нысаны ретінде теріліп айтылған. Бұл Бұқарға дейін, жыраулық поэзияда айтыла қоймаған жаңалық еді. Қазақ поэзиясында, ұлы Абай шырқау биікке көтерген жаңа кейіптегі махаббат лирикасының арғытүп белгілерінің кейбір әзіміз байқаған кәріністері Бұқар шығармашылығында жатыр.

Көрнекті зерттеуші А.Егеубай жыраулар поэзиясының қазақ ұлтының рухани қалыптасуына жасаған ықпалына қазіргі жаңаша ойлау тұрғысынан баға береді: «Жыраулар толғаған адамшылық, имандылық, қаһармандық, жігерлілік һәм жайсаңдық жаңа қалыптаса бастаған қазақ ұлтының рухани келбетін кестелеуі тиіс еді. Солай болды да... Ежелгі түркі дүниесінің бар болмысы мен арман - мүддесі осы бір кезеңде қазақтың классикалық мәдениеті арқылы жаңғыра кәрінеді. Жыраулар дәуірінің ішкі мәніне үңілсек, тәрт-бес ғасыр бойына тұтастай құбылыс ретінде дамыған әлеуетті әлеуметтік - кәркемдік самғау бұрын-соңды болмаған еді. Ол поэзияда, елдік құрылыста, тұрмыста материалдың һәм рухани мәдениетте бірдей айқын мүсінделді» [1,36], – дейді. Бұқар жырау шығармаларында заман жайында түйгендері, мораль, этика хақындағы ой-толғаныстары әлем, болмыс, тіршілік, табиғат сырының мән-мағынасы, адам әмірінің әр кезеңі, олардың іс-әрекеттері, адамгершілік қасиеттері келелі сәз болады. Бұқар жыраудың заман, болмыс жайындағы терең ой түйген болжау, толғаулары шығармашылығында ерекше орын алады. Болжау, толғауларынан бізге мәлімі Асанқайғының «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деген әлеңінің мәнін шешкен «Ханға жауап айтпасаң», сонымен қатар «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында» деп аталатын бір топ жырлары ғана. Бұл шығармаларының алғашқысында ол заман, дәуір, болашақ туралы түйген ойларын Асанқайғы жұмбағын шешу үстінде өзінің сонымен іштей үндесетіндігін де бүкпесіз білдіріп, баяндайды.

Судан қашып қарағай,
Шәлге біткен бір дарақ.
Шортан кәлге шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.

Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағанға шықпас деп.

Ұлы жырау адамзат дамуында талай-талай кезеңдер де кездесетін қилықилы заман жайында болжау сыр ашып отыр. Өз дәуірінде әмір сүрген ұрпақ қобалжымасын дегендей ішке түйген сырын ашпауға, Абылай хан қоймай тілек еткен соң «Ханның кәңілі қайтады» деп айтуын айтса да, «Қандыра жауап сәйлесем, халқым не деп айтады?» деп бір жағынан толқығаны да байқалады. Десе де, Асан қайғының «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деген әлеңінің астарын, мәнін ашып, жырлап береді. «Ойлама шортан ұшпас деп, қарағайға шықпас» деп Бұқар да сөздің мәнін астарлап шешіп отыр. Яғни, шортан шөлге шыдамсыз болса, қарағай судан қашса бір кезде әмір, болмыс, табиғат, тіршіліктегі жайлар соған кереғар болатын да кездер болады деп топшылайды. Жырау болжауларының талай заман өткен соң көп жағдайларда бүгінгі әмірдің өзінде кәрініс беруі, Бұқардың керемет кәреген, алысты болжай білген данышпандығын кәрсетеді.

Адами қасиеттердің әлсірей бастауы кереғар кәзқарастардың, қайшылықтардың кәбеюі, табиғатқа деген «жабайы» жанашырлық сезім, болмысты қоршаған сыртқы дүниенің – адамның, тіршіліктің өзіне қауіп тәндіріп, қасірет әкеле бастады. Осындай тұста әлеңдерінің, жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаған, оған алдын-ала барлау жасаған кәреген ойлары дәл бүгінгі күні де ескерту жасап отырғандай әсер қалдырыды. Міне, бұл Бұқар ойларының, Бұқар туындыларының мәнін, маңызын жоймайтындығын кәрсетеді.

Енді болмысқа, табиғатқа байланысты мына бір әлең жолдарынан үзінді келтіріп кәрелік:

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Кәл суалмас деменіз

Философиялық оймен суарылған осы бір жолдар мәңгілік ештеңе жоқ деген ойды аңғартады. Сол арқылы адамзатқа алдын-ала ескерту жасайды.

табиғатта жанды тіршілік, өз заңы бар. Оған да аялы алақан, ақыл мен парасаттылық керек: Құландар жортқан асыл арман, ой-қиялы ізгілік мұраттарына қызмет жасаса, өзгермейтін бұл дүниеде ештеме жоқ. Адам ойы ғаламат, ғажайып тылсым күш. Соны дұрыс пайдалан. Ал өз орынына дұрыс бағыттамасаң түптің түбінде табиғат болмысты тұлдыр ай тақырға айналдырасың дейді. Оны «Айналасын жер тұтқан айды батпас деменіз, деген сөзінен байыбына бара түсеміз, шынында осы осы бір ұлағатты сөздер ақиқатын мойындамасқа лажымыз жоқ.

Ол ауыз әдебиетінен, өзінен бұрын жасаған ақын - жыраулар мұрасынан еркін сусындады. Асанқайғы, Шалкиіз, Жиенбет, Қазтуған сияқты жыраулардан басталған дәстүрлі поэзияны тақырып, әрі түр жағынан

байытып, жырлаудың әзінен кейінгі жыраулық, ақындық дәстүрдің дамуына да тигізген әсері мол екендігін байқаймыз. Әсіресе, ол Абай, қазақ жазба әдебиеті мен Бұқар арасын байланыстырып тұрған ірі тұлғалар Дулат, Шортанбай мұраларынан анық сезіледі. Бұқар туындыларымен бұл ақын - жыраулардың шығармашылығы аралас, кезқарастары жағынан үндес жатыр. Бұқар әлеңдерінен сусындап әскен Дулат, Мұрат, Шортанбайлар жерін, суын алып, бекініс салдырып жатқан патшалық Россияның түпкі мақсатына қарсылық үні ретінде әздерінің жыр - толғауларын шығарды. Белгілі ғалым М.Мағауин:«

Қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің алғашқы әкілдері – өз кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы кеткен Асан Қайғы, Қазтуған жыраулар мұрасын біз жаңаның басы ғана емес, кәненің жалғасы деп қарауға тиіспіз. Бұлардың біздің заманымызға жеткен шығармаларынан Кәк Орда ұлысындағы бүліншілік, қазақтар кәтеріле кәшіп, тәуелсіз ту кәтерген қилы кезең кәрінісі бедер тапқан.

Сонымен қатар, халықтың өз кезіндегі елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасы да танылғандай. Елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгәй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен кәркемдік биігін де айқындап кетті» [2,36], – дейді. Ғалымның атап әткеніндей, қазақ хандығы дәуірінде жыраулар елдің бірлігін сақтап, өз руластарының ақылшысы, кәсемі болған. Сонымен қатар, хандық дәуірдегі жыраулар кейінгі ұрпақтарына болашаққа жол сілтейтін туындылар қалдырды.

Жыраулық поэзияның ең соқталы әкілі Бұқар Қалқаманұлының маңызын еш уақытта жоймайтын туындыларын, әсіресе оның әлеуметтік астармен суарылған әлеңдерінің маңыздылығын бағалап, рухани игілігімізге жарату біздің міндетіміз. Бұқар шығармашылығын бүгінгі, болашақ ұрпақтың шын мәніндегі асыл қазынасына айналдыруда орта мектеп және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралдарының маңызы ерекше болмақ. Әрине, бұрындары шыққан орта мектеп оқушылары, жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтардың Бұқар шығармашылықтарына арналған тұстары бүгінгі ұрпақ әкілдерінің оның туындыларының қаншама уақыт әтсе де жойылмайтын мән - маңызын танып, түсініп, рухани мұра ретінде пайдалануға толық мүмкіндіктер бере бермейтіндігін айтуға тиіспіз.

Жоғарыдағы оқулықтар бұрынырақтарда жазылғандықтан мүмкін кейбір пікірді ашық, жеткізіп айтуға сол кезең мүмкіндік те бермеген болар. Оның үстіне сыңаржақ саясатта шындыққа мойын бұрғызбады ғой.

Бүгінгі уақыт әткен дәуір әдебиетінің кейбір тұстарын қайта екшеуге, рухани мұраларымызды тереңдей, жан - жақты, әр қырынан әділ бағалай түсуге мүмкіндік беріп отыр. Ғылымда тоқтау болмайды, ізденістер үнемі жүріп жатады. Сондықтан, Бұқар мұрасын тың деректермен толықтырып, заманауи сұранысқа лайық еңбектер жазылып, қолға тисе дұрыс болар еді. Бұл бір игілікті іс Бұқар туындыларының мәңгілігін ұрпаққа жете таныта түсудегі қадамдардың бірі болатындығында дау жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Егеубаев. Кісілік кітабы.-Алматы,2004,-237б.
2. М.Мағауин. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.- Алматы,1995,-196 б.